

ҚОҒАМДЫҚ-ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ ТЕОРИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ ТЕОРИЯ И МЕТОДИКА ПЕПОДАВАНИЯ ОБЩЕСТВЕННО-ГУМАНИТАРНЫХ НАУК

FTAMP 17.01/-11

А.С.Ақтанова¹

¹ф.ғ.к., Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Астана қ, 010000, Қазақстан республикасы. <https://orcid.org/0000-0002-0444-5336>. E-mail: aktanova_aiman@mail.ru

ШӘКӘРІМНІҢ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ АР БІЛІМІ КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Мақалада Шәкәрім өлеңдеріндегі ар білімі категориясының берілуі және көркемдік ерекшеліктері талданған. Тәрбиедік жағына алғанда ақын өлеңдеріндегі философиялық мағына өз оқырмандарын биік интеллектілік сипатқа қарай жетелелейтіні сол арқылы жалпы қоғамдағы рухани тазалық мәселесін көтеретіні талданады. Мақаладағы ақын өлеңдерінен алынған үзінділер герменевтикалық негізде талданып, мағыналық және контекстік сипаттары сараланды. Әсіресе ақынның адамдық, надандық, ар білімі, таза адам сияқты категориялық ұғымдарды беруде көркемдік амалдарды қолдану ерекшеліктері назарда болды.

Кілт сөздер: ар білімі, категориялар, адамдық, білімнің тәрбиелік мәні, ұлттық таным, рухани интеллект.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Қазақ әдебиетінің классигі, ұлы ақын Абай Құнанбайұлының шығармашылық өмірбаяны өз шәкірттеріне ғана емес, өзінен кейінгі бүкіл қазақ әдебиеті өкілдеріне бағдар алар нысана болды. Абай қалыптастырған ақындық өнер дәстүрін бойына бар ынтасымен сіңірген ақын шәкірттерінің ішінде ерекше аталатыны – Шәкәрім. Хакім Абайдан кейінгі ақындардың ішінде таза ойлы, нағыз адам тәрбиелеу мәселесін ең бірінші орынға қойған ақын да Шәкәрім болды.

КІРІСПЕ

Шәкәрім шығармашылығында ерекше аталатын философиялық категория – ар білімін игерген тұлғаның бейнесі. Ақынының өмірлік мақсаты «Мен жетпіс екі жасқа келгенше...» деп басталатын сөзінен көрінеді. Ол: «Алдыңда өнегелі көрерің болсын» дегендей, алдымда Абай марқұм болған соң, содан ғибрат алып, «мен де адамдықтың, адалдықтың жолын қуғаным жөн» деп, басымды шытырман шатақтан ерте босатып алып, білім жолына түстім...», - дейді. Ұлттық сөз өнерінің өрелі ойға негізделген көркем мұрасы тек көркем-эстетикалық мақсаттарды көздемейді. Оның басты мақсаттарының бірі – ұрпақ тәрбиесі.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Зерттеу барысындағы негізінен герменевтикалық талдау және көркем мәтінді әдістерінің түрлері мен сараптау, қорытындылау тәсілдері қолданылды.

НӘТИЖЕЛЕР

Шәкәрім шығармашылығында тәрбие мәселесі таза адам, адамгершілігі жоғары ұрпақ мәселесімен ұштасып келеді. Шәкәрім адам тәрбиесінде «ар білімі» категориясын ең

алғашқы кезекке қояды. Ақын: «Оларға еңбек өнерін үйрету керек, онымен қабат оқу-білімге жетілдіру қажет. Жоғарыдағы айтылған жаман әдеттерді жоюға жеткіліксіз болғандықтан, сол адал еңбек, білім үйретумен қабат «ар білімі» деген білім оқытылуға керек. Бұл ғылымды ақылды адамдар ойластырып, пән ретінде жазып, нәпсіні жойып, адам бойында жеке ардың қожа болып келу жағын көздеу керек. Адам бойындағы нәпсі кеселі кетсе, өзгерісі оңай...», – дейді.

Шәкәрім өзінің гуманизм идеясын Абай шығармашылығынан алғанын үнемі айтып отырады. Оны ғалым, абайтанушы Қ. Мұхамедхановтың: «Бұл оның шын ниетімен, адал жүрек, ақ көңілімен айтқан адамгершілік қағидасы, жай қызыл сөз, жалған ұран, даурықпа шақыру емес! Бұл Абайдың адамгершілік асыл идеясы, Абай гуманизмі.» - деген,[2] пікірі ойымызды дәлелдей түседі.

Шәкәрімнің адамдық дегенінде – адамның әлеуметтік жағдайы емес, ең алдымен адамдық болмысының бейнесі тұрады. Таптық қайшылықтар соқтығысының бітіспес дауы Шәкәрім үшін жоқ. Байдың да, кедейдің де ішінде жақсысы да, жаманы да болады деп есептейді. Адам өз болмысын жоғалтпау үшін жамандық пен жақсылықтың шекарасын білуі керек. Адам баласының дұрыс жолға түсіп, дұрыс өмір сүруін бүкіл адамзат басындағы күрделі мәселелермен байланыстырады. Шәкәрімнің лирикалық тұлғасы халқының бүгінгіне қиналады, мұңаяды, ертеңгі күніне, яғни жастарына үміт артып, сеніммен қарайды. Іргелі ел болу үшін надандық деген індеттен арылу деп түсінеді.

Ақын өмір жолында халқын надандықтан құтқаруды ойлап, Абайдан тәлім алуға шақырады. Шәкәрім де Абай сияқты Ар білімін игерудің басты кеселі - надандық деп таниды. Надандық философиялық категория ретінде Ғ. Есімнің зерттеулерінде жақсы көрсетілген. Ғалым: «Арсыздықтың екі түрі бар, олар: пысықтық пен надандық. Екеуіне ортақ - арсыздық. Пысықта ар деген болмайды, себебі ода ұят жоқ. Ұят болмаған жерде ар қайдан болсын. Арсыздық адамды адамгершілік кеңістігінен шығуға итермелейтін күш. Арсыз адамға керегі пайда. Ол пайда үшін өсекке, өтірікке, ұрлыққа, қулық, сұмдықтың неше түріне еркін барады. Сондықтан пысық адамның әрекеті қылмыстық іске бастап тұрады. ...Надандықтың пысықтықтан табиғаты жағынан өзгешелеу. Ойлаймын надандық адамға тумасынан келе ме деп.!? Сірә адам дүниеге надан болып келетінге ұқсайды. Абай бір сөзінде наданның көзін ашпақ ниетін білдірген...Менің ойымша надандық адам табиғатындағы емі жоқ дерт. »-деп ойын сабақтайды.[3.112.]

Шәкәрімді де, Абайды да өмір бойы толғандырған мәселелердің философиялық тегін ашады. Абай:

Көзінен басқа ойы жоқ
Адамның надан әуресі.
Сонда да көңілі тым-ақ тоқ,
Жайқаң-қайқаң әрнесі. [4.144.]

-деп, надан адам бейнесін осы өлеңінде дәл берген. Бақырайған көзінен басқа басында ойы жоқ адам өзінің надан екенін білмей бір күндік тіршілігіне, басқалардан «озықпын» деген ойына риза, көңілі тоқ. Оның тіршілігі адам қоғамының дамуына еш әсерсіз, мағынасыз. Абайдың осы ғылыми тұжырымы Шәкәрім өлеңдерінде мағыналық жалғасын табады. Шәкәрімнің «Насихат» деген өлеңіндегі надандық туралы айтқанын алсақ та, философ-ақынның надандық категориясының анықтамасын бергенін көреміз. Мысалы:

Шын наданға білгенінді ұқтырам деп ойлама,
Қанша бидай шашсаң –дағы болмас егін тасты жер.
Тотыға тіл үйретілсе, сөзі – адам, өзі – құс,
Сол сықылды ол наданды ермек үшін сөйлетер.

Қара тасты қанға малсаң, о да маржан бола ма?!
Тесік ыдыс су құйылса, өзі қалар су кетер.
Шын надандар білмесе егер естілердің қадірін,

Оған ұрсып сөкпеңіздер, шын ғұзырлы пенде сол. [5.87.]

-деген жолдардағы надан бейнесі қарапайым да, нақтылы. Өлеңнің көркемдігіне келсек Шәкәрім қаламына тән реалистік сипат анық байқалады. Ақын тасты жерге егілген дәннің өнбейтіні, тоты құстың қанша сайрағанымен адам сияқты өздігінен ойлы сөз айта алмайтыны, тесік ыдысқа құйылған судың далаға кететіні сияқты қарапайым нақтылықтар арқылы қатар алынған суретті сөздермен параллель өрілген надан адам бейнесін көз алдымызға әкеледі. Бір ерекшелігі Шәкәрім наданға өкпелеу, ренжудің керек еместігін, себебі оның болмысы солай жаратылған пенде екенін де таныған.

Неге десең, білсе надан, өзі надан бола ма,

Оқымаған бір балаға хат оқытсаң жөн бе сол? [5.87.]

-деген өлең жолдарымен ақын надан адам өзінің надан екенін білмейді деген терең философиялық ой түйеді. Ақынның мұнысы өмірден көрген шындық. Себебі надандықтың нақтылы бет-бейнесі өзі надан адамдар үшін беймәлім. Надандықпен күресу – халықты оқыту, білім беру, яғни, ағартушылық жолы екенін Абай да, Шәкәрім жақсы білген. Надан үшін өмірде қиындық жоқ, ол адамзаттың басындағы проблемалар туралы еш ойланбайды. Сондықтан көңілі тоқ, бір күндік өміріне риза. Енді сол надандықтан құтылу жолы көкірек көзінің ашылуы, өмірге деген басқа, адами көзқарастың қалыптасуы. Абай дәстүрін жалғастырушы ретінде Шәкәрім қазақ арасындағы рухани надандықпен күресіп, ағарту жолымен айналысты, өз өмірлеріндегі қандай қиындыққа қарамастан алған бағытынан бас тартпай, Абай идеясына аса берілген адал шәкірті болды.

Ислам қағидаларына жетік ақын адамгершіліктің ең бастысы иман деп түйеді. Сонымен қатар, Абайдың «Заман ақыр жастары» деген өлеңіндегі :

Заман ақыр жастары

Қосылмас ешбір бастары.

Біріне бірі қастыққа ,

Қойнына тыққан тастары[4.143.]

-деген жолдардығы ойды дамыта түсіп:

Құмары - қулықпенен жығайын деп,

Айламен аяғыма бұғайын деп,

Бәрі ішінен қанжарын байланып жүр,

Көрінгеннің көзіне сұғайын деп [1.37.]

- береді. Мұндағы негізгі ой - заманының кері кеткенін әшкерелеп, адамдардың бір-біріне деген сенімдері жоғалғандығы туралы. Абайда біріне бірі қастық істеу үшін қойындарына тас тықса, Шәкәрім өлеңінде қанжар байланып, реті келсе бірінің көзіне бірі сұғуға дайын, бір біріне деген ешқандай сенімдері жоқ адамдар әрекетінен түңіледі. Шәкәрім адамдар арасындағы қарым-қатынас күрделілігі туралы ойын «Ноль» деген өлеңінде жалғастыра түсіп, жанған шамдан пайда алып, су тиіп сөнген соң керексіз болып қалатын жалған достық туралы айтады. Сонымен, қатар бұл жалған достық дегеннің қоғамдық дертке айналып бар жатқанына тоқталады.

Қаламым, қарындашым – жан жолдасым!

Жау болды, жан аяспас сан жолдасым.

Қайырылып, мейірімденіп қарамайды,

Кеше аласа, бүгін зор, паң жолдасым...

Жарқырап нұрын шашып, жанады шам

Талайлар пайда алады жарығынан.

Су тамып, не жел тиіп сөне қалса,

Көрмей, басып, таптайды пайда алған жан..,

- дейді. [1.243] Ақынның зарланысын деген ойы жоқ, бірақ ақ көңіл, адал жүрек, арлы істі серік еткен адамдардың сиректігіне қынжылады. Өзінің бұрынғы дос деп жүргендері бір сәтте маңайынан алыстап кеткендігін көріп, шын досты өмірде табу қиын екенін айтады. Көңіл күйін осылай шертіп, ақын барша оқырман қауымына ой салады:

Демеймін мұнымды айтып зарланайын,
Жаралыс солай қылған адам жайын.
Жарық алып жалғанды тексерсең де,
Таза жүрек таппайсың, сол уайым. [1.243.]

Ақынның таза жүрек таппай уайымға түсуі жеке басының қайғысы емес, жалпы халық мұңы. Өзіне пайда келтірген адамның басына іс түскенде теріс айналып кету, қол ұшын бермек түгіл одан сайын басып-жаншу жалпы адам жаратылысында бар дүние екенін трагедиялық тұрғыда алған ақын мұңы да бір халық басындағы қайғы емес, жалпы адамзаттық проблема деп түйеді. Сонымен қатар, Шәкәрім өлеңнің өміршеңдігі – ол көтерген мәселелердің бір қоғамдық-әлеуметтік ортада ғана болатынында емес, жалпылық сипатында. Сыншы В.Г.Белинскийдің «ұлы ақын өзі туралы, өзінің жеке басы туралы айтса да, көптің тағдырын, адамзат жайын сөз етеді» деуі тегін айтылмаған.

ТАЛҚЫЛАУ

Шәкәрімнің лирикалық тұлғасының ағартушылық көзқарасын айқындайтын өлеңдерінің бірі- «Мал жимақ» деп аталады. Өлеңнің негізгі идеясы дүние, дәулетті біреудің алдында мақтану үшін емес, оқу – білім алып елінің қажетіне жарау үшін жинау керек деген ойдан шыққан. Ақын Абай айтқан «сақалын сатқан кәріден, еңбегін сатқан бала артық» деген тұрақты тіркеске айналған оралымды толықтыра түседі. «Арың сатпа, терің сат, алалды ізде» деген жолдар сөзімізді дәлелдей түспек. Дүние, мал туралы айтылған «малым жанымның садағасы» деген қазақ ой-танымының байламды тұсын Шәкәрім: «Мақтан үшін мал жима, жан үшін жи, қазаққа көз сүзбестің қамы үшін жи» - деп өзінше түйеді. Келесі шумақтарында Шәкәрім адалдықпен мал жиюдың жолдарын көрсетеді. Ең алдымен еңбектену білу керек, еңбекпен түрлі өнер үйрену керек екенін де айтады.

«Егін сал, не сауда қыл, малыңды бақ,

Білім білмек әр іске шебер болмақ.

Қолөнерден пайда қыл үйреніп – ақ,

Кетпес дәулет осы ғой әмбеге хақ» - деген сөзімен мал, дүние жиюдың адал жолдарын ақын саралап көрсетіп береді. Шәкәрім білімді, философ ақын болғандықтан әр нәрсенің байыбына терең үніліп, әр сөзге мағына дарытып, әр шумақты философиялық байламға айналдыра білген. Ақын еріншектік, жалқаулық туралы, оны болдырмаудың жолдары туралы «Еріншек» өлеңінде:

«Еріншектіктен салақтық,

салақтықтан надандық,

жоғалар сөйтіп адамдық» - деп бір байлам айтса, «Мал жимақ» өлеңінде «жатып ішкен жан» ой ойлауға да ерінетінін айтады. Ал, ой ойламау, характер етпеу, қозғалмау нағыз надандықтың бастауы екенін көрсетеді. Шәкәрім теолог ғалым ретінде де әр түрлі философиялық концепткатегориялардың мағынасын өз шығармаларында қазақ ұғымына түсінікті етіп ашып отырған. Мәселен, тағдыр ұғымымен астас қазақи ойлау жүйесінде қалыптасқан бұйрық деген ұғым бар. Осы бұйрық ұғымын ақын:

«Деп ойлама бұйрықсыз дәулет қайда,

Жалықпай талап етсең – дайын пайда» - деген жолдар арқылы бұйрық күтіп, тағдырға мойынсұнып отыра бермей еңбектену керектігін ашық айтады. Бұйрық тағдыр, жазмыш, Алла жазуы сөздерімен синоним. Өлеңде «жүргенге жөргем ілінеді» деген қазақ халқына түсінікті мақалдың мағынасын беретін жолдар екі жерде берілген. Екінші шумақта: «Аяқ берді, тапсын деп басқан сайын» деп берсе, өлеңнің сегізінші шумағында «Жүрген алар» - деген ғой осындайда» деп тағы да еңбектенген адамның жолы болатынын баса көрсетеді. Өлеңде ақын философиялық категорияға айналған ындын сөзін қолданады. Бұл сөздің құлқын, нәпсі деген синонимдері бар. Ындын сөзінің экспрессивті - эмоционалдық бояуы алдыңғы екі сөзден қарағанда қалыңырақ келеді. Әрі бұл сөздің мәні де алдыңғы сөздерден

қарағанда тереңірек деп ойлаймыз. Сондай-ақ, ақын өзінің лирикалық болмысының қалыптасуындағы таза адам, таза жан ұғымын бұл өлеңінде де ындың сөзінің мағынасымен байланыстыра «Ындының таза болса, именбеңіз, Дәулетті осылайша іздемекпіз» - деп ашады.

Өлеңнің соңғы шумағы Шәкәрім поэзиясында қалыптасқан таза адамның тұлғалық болмысын танытуға арналады. «Баста таза жаратты, сен таза бол, Ұқсаң, анық айттым ғой – бұл тура жол» - деген өлең тармақтары адал адамның өмірлік ұстаным – қағидасы болуы керек екенін айтады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ойымызды түйіндей келе, Шәкәрім шығармашылығы негізінде қалыптасқан ар білімі сөзінің категориялық белгілерін анықтай түсетін философиялық ұғымдарды төмендегідей белгілеуге болады. Арлы адам - ұяты мен намысы, ұжданы бірігіп, адамдық болмысы қоғамдағы барлық басқа жандарға үлгі бола алатын, рухани толысқан адам бейнесі.

Кемел адам – арлы адамның жоғары сатысы, бойында арлы адамға тән қасиет толық және қоғамдық ортада беделді, сөзін әлеуметтік топқа өткізе алатын адам.

Таза адам – өмірдің барлық деңгейінде адал, өмірлік мақсаттары айқын, рухани дүниетанымы кемелдену жолына түскен адам.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармалары, екі томдық, 1 том.-Алматы: «Жібек жолы» 2006. - 524 б
2. Мұхамедханов Қ. «Ақын Шәкәрім Құдайбердіұлы» // Семей таңы, 1988, 3-тамыз
3. Есім. Ғ. Даналыққа құштарлық – Семей-Новосибирск, «талер-Прес», 2007. -522б.
4. Абай Құнанбаев шығармаларының толық жинағы, 1том –Алматы: 1954.-321б
5. Шәкәрім. Жолсыз жаза. Құрастырушы: Мұхтар Мағауин –Алматы: Жалын, 1988.-256б.

REFERENCES

1. Shákárim Qudaıberdıuly shyǵarmalary, eki tomdyq, 1 tom.-Almaty: "Jibek joly" 2006. -524 b
2. Muhamedhanov Q. "Aqyn Shákárim Qudaıberdıuly" // Semeı tańy, 1988, 3-tamyz
3. Esim. Ğ. Danalyqqa qushtarlyq – Semeı-Novosıbrsk, "taler-Pres", 2007. -522b.
4. Abai Kunanbaev shyǵarmalarynyń tolyq jınaǵy, 1tom –Almaty: 1954.-321b
5. Shákárim. Jolsyz jaza. Qurastyryshy: Muhtar Maǵaýın –Almaty: Jalyn, 1988.-256b.

Воспитательное значение категории знаний **честь** в стихах Шакарима

А. С. Актанова¹

¹ к.ф.н., Национальная академия образования имени Ы. Алтынсарина, г. Астана, 010000, Республика Казахстан. <https://orcid.org/0000-0002-0444-5336>. E-mail: aktanova_aiman@mail.ru

*В статье анализируется присвоение и художественные особенности категории знаний **честь** в стихах Шакарима. В воспитательной части анализируется, что философский смысл стихов поэта ведет своих читателей к высокому интеллектуальному характеру, тем самым поднимая вопрос духовной чистоты в обществе в целом. В статье проанализированы отрывки из стихов поэта на герменевтической основе, проанализированы семантические и контекстуальные характеристики. Особенно в центре внимания были особенности использования поэтом художественных приемов в передаче таких категориальных понятий, как человек, невежество, знание совести, чистый человек.*

Ключевые слова: знание чести, категории, человек, воспитательное значение образования, национальное познание, духовный интеллект.

The educational significance of the category of knowledge honor in Shakarim's poems

A. S. Aktanova¹

¹Candidate of Philological Sciences, National Academy of Education named after Y. Altynsarina, Astana, 010000, Republic of Kazakhstan.

The article analyzes the appropriation and artistic features of the category of knowledge honor in Shakarim's poems. In the educational part, it is analyzed that the philosophical meaning of the poet's poems leads its readers to a high intellectual character, thereby raising the issue of spiritual purity in society as a whole. The article analyzes excerpts from the poet's poems on a hermeneutic basis, analyzes semantic and contextual characteristics. The focus was especially on the peculiarities of the poet's use of artistic techniques in conveying such categorical concepts as man, ignorance, knowledge of conscience, and a pure person.

Keywords: Knowledge of Art, categories, people, educational value of education, national knowledge, spiritual intelligence.

ГРНТИ 14.25/-07

С.А.Тагирова¹, Г.Ш.Давлеткулова²

¹к.п.н., доцент, Башкирский государственный педагогический университет им М.Акмуллы, г.Уфа, 450000, Российская Федерация, Email: sali-t@mail.ru

²к.п.н., ст.преподаватель, Башкирский государственный педагогический университет им М.Акмуллы, г.Уфа, 450000, Российская Федерация, Email: gdavletkulova@mail.ru

ОБУЧЕНИЕ АУДИРОВАНИЮ ОБУЧАЮЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ НА УРОКАХ БАШКИРСКОГО ЯЗЫКА КАК ГОСУДАРСТВЕННОГО В ПОЛИЛИНГВАЛЬНЫХ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ

В статье рассматриваются методические аспекты обучения аудированию на уроках башкирского языка как государственного. Авторы статьи рассматривают ряд основных методических аспектов обучения аудированию младших школьников и их практического применения на основе разработанного им учебно-методического комплекса по башкирскому языку.

Ключевые слова: обучение башкирскому языку, поликультурная языковая личность, аудирование, полилингвальная гимназия.

ОСНОВНЫЕ ПОЛОЖЕНИЕ

Ведущее и основное место в системе уроков башкирского языка как государственного занимает формирование и развитие речи. Как верно отмечает Пассов Е.И. «... для развития устной речи одинаково важно развивать навыки как аудирования, так и говорения. Эти два вида речевой деятельности тесно связаны друг с другом, поскольку ни один из них не может развиваться самостоятельно» [2, 76]. Клобукова Л.П., Михалкина И.В считают, что в современном мире речевая деятельность распределяется следующим образом: аудирование – 45% времени, говорение – 30% времени, чтение – 16%, письмо – 9% [1, 104]. Несмотря на то, что аудирование является преобладающим среди остальных видов речевой деятельности,